

Әкімшілік-аумақтық құрылыстың кейбір мәселелері туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 257 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 326 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 5287 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Жалағаш, Жаңақорған аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Таратылсын:

- 1) Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округінің Сәтбай ауылы;
- 2) Жаңақорған ауданы Қыркенсе ауылдық округінің Қорасан ауылы.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының
әкімі

42 сессиясының төрағасы

_____ Қ. Көшербаев

Қызылорда облыстық
мәслихаты хатшысының

міндетін атқарушы

_____ Қ. Бисенов

Қызылорда облыстық
мәслихатының

_____ Қ. Әжібеков